



4 870220 133002 9



5

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ӨҢІРЛЕРДЕН БАСТАЛАДЫ



Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық.

Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр.

Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр болады.

Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Біздің оқырман

ЕЛ БІРЛІГІНІҢ ДІҢГЕГІ

Баспасөз — қоғамның айнасы. Салмақты ой, сараланған пікір, тұшымды тұжырымға толы материалдарды сүйікті басылымым облыстық «Ақтөбе» қоғамдық-саяси газетінен оқимын.



Мен Байғанин ауданы әкімдігінде күзетші болып жұмыс істеймін. «Ақтөбе» — біраз жылдан бергі сенімді серігім. Әр нөмірін тағатсыздана күтемін, үзбей оқимын. Мемлекеттің саясаты, атқарушы биліктің ел игілігі үшін атқарып жатқан жұмысы «Ақтөбе» газетінде жан-жақты жазылады. Ел Президентінің Жолдауында жүктелген міндеттердің жүзеге асырылу барысы туралы да «Ақтөбенің» мақалаларынан біліп отырымыз. Өзім спорт туралы материалдарды сүйсініп оқимын. Газет қолыма тигенде алдымен сол спорт туралы жазылған мақалаларды бір деммен оқып, шығамын. Сосын аудандардың жаңалығын, ауыл бетін қызыға оқимын. Қай ауданның даму қарқыны қалай, қай ауданның шаруасы алда екеніне өзімше талдау жасаймын. Байғанин ауданының тыныс-тірлігі қамтылған материалдарды оқып, қуанамын. Расында, аудан халқының әл-ауқаты түзеліп, өмір сапасы жақсарып жатыр. Ауылды дамыту үшін жасалып жатқан жұмыс көп. Жолдар салынып жатыр. Таза ауызсумен қамту, газдандыру жұмысы да қарқынды жүргізілуде. Кеңес дәуірінде көрмеген игілікті көріп жатырмыз. Жазарың көп болсын, газетім!

Ғазиз БИЕМБЕТОВ,
Байғанин ауданы,
Қарауылкелді ауылы.

«Ақтөбе» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты		Бағалар	
			қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	12 ай	17 311,98 тг	17 311,98 тг
		6 ай	8 655,99 тг	8 655,99 тг
66420	Заңды тұлғалар үшін	12 ай	25 086,96 тг	20 383,98 тг
		6 ай	12 543,48 тг	10 191,99 тг
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	12 ай	15 487,98 тг	15 487,98 тг
		6 ай	7 743,99 тг	7 743,99 тг



Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпаратты ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67 (редакция),
8 (7132) 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).

ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!